

Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 22 қазандағы "Мемлекеттік тұрғын үй қорының өздері тұратын тұрғын үй-жайларын меншікке өтеусіз алуға құқығы бар азаматтардың қосымша санаттары туралы" № 30/2 шешіміне толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 4 сәуірдегі № 121/5 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 25 сәуірде № 109 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 164/8 шешімімен

***Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008.07.02 N 164/8 шешімімен.***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 24 қаңтардағы N 66 қаулысымен бекітілген, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы Ережесінің" 6-тармағына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 22 қазандағы "Мемлекеттік тұрғын үй қорының өздері тұратын тұрғын үй-жайларын меншікке өтеусіз алуға құқығы бар азаматтардың қосымша санаттары туралы" N 30/2 шешіміне (4 сайланған 2 сессия), (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-96 болып тіркелген, 2007 жылғы 8 желтоқсандағы N 142 "Сарыарқа самалы", 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 49 "Версия" газеттерінде жарияланған) төмендегідей толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

"1) тармақтың 2) тармақшасындағы:

бесінші абзац "жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша" сөздерімен  
толықтырылсын;  
жетінші абзац жойылсын".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн откеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*қалалық мәслихаттың хатшысы*

*C. Тупицын*

*B. Лебедь*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК